

# **gorenje**




**Цитрустерге арналған  
шырын сыққыш**

**CJ100HE**

**Пайдалану жөніндегі басшылық KZ**

**Пайдалану жөніндегі басшылық... 00**

**Жалпы сипаттама**



1. Айналып тұратын бастиектің қақпағы
2. Үлкен айналып тұратын бастиек
3. Кішкене айналып тұратын бастиек
4. Сүзетін төрелке
5. Аралық контейнер
6. Науа
7. Айналу осі
8. Сабы
9. Электрлік қозғалтқыш блогы

**Маңызды**

**Аспапты алғаш қолданар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз және оны алдағы уақытта анықтамалық материал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.**

**Маңызды ескертулер**

- Аспапты суға батыруға тыйым салынады!

- Аспапты электр желісіне жалғамас бұрын желілік розетканың сәйкестігін тексеріңіз.
- Аспапты жалғау алдында аспапта көрсетілген номиналды кернеудің жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Желілік аша, желілік шнур немесе аспаптың өзі көрінетіндей зақымдалған болса, немесе аспап құлап кетсе немесе су ағып тұрса, құралды қолданбаңыз.
- Желілік шнурды жөндеуді және ауыстыруды тек авторлық құқығы бар сервис орталығының маманы ғана орындай алады.
- Желіге жалғанған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
- Балалар әрқашан бақылауда болуы және аспаппен ойнамауы тиіс.
- Аспапты 8 жастан асқан балаларға және физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдарға, сонымен қатар оны қолдану үшін жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдарға тек тәжірибесі бар адамның қадағалауымен немесе егер олар аспапты қолдануға үйретілген болса және аспапты дұрыс пайдаланбауға байланысты туындауы ықтимал қауіпті түсінген жағдайда ғана осы аспапты қолдануға рұқсат етіледі.
- 8 жасқа толмаған және одан кіші балаларды жұмыс кезінде аспаптан және байланыстыру кабелінен алыс ұстаңыз.

**Қауіпті**

Негізгі блокты суға және басқа да сұйықтыққа батырмаңыз, ағын судың астында қоймаңыз.

**Ескертулер**

Аспапты жалғау алдында аспапта көрсетілген номиналды кернеудің жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер желілік шнур бүлінген болса, оны ауыстыру, қауіптің алдын алу үшін Gorenje компаниясына, оның уәкілетті сервис орталығына немесе осы сияқты біліктілікке ие маманға хабарласыңыз.

Егер желілік шнур немесе аспаптың басқа да бөлшектері бүлінген болса, аспапты қолданбаңыз.

Бұл аспап сенсорлы жүйесінің мүмкіндіктері шектелген немесе интеллектуалды мүмкіндіктері шектелген адамдардың (балаларды қоса), сонымен қатар олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамдар тарабынан бақылау жасалатын немесе нұсқаулар берілетін жағдайларды қоспағанда, тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың қолдануына арналмаған.

Жарақат алуға алып келетін жағдайлардың алдын алу үшін аспапты ешқашан сыртқы таймерге немесе қосымша басқару пультіне жалғамаңыз. Сүзгі негізіндегі **кішкене жүздерге қолыңызды тигізбеңіз**, өйткені олар өте өткір.

Шу деңгейі:  $L_c < 60$  дБ (A)

**Назар аударыңыз:** Аспап тек үйде қолдануға ғана арналған.

Gorenje компаниясының арнайы ұсыныстары жоқ басқа өндірушілердің қандай да бір керек-жарақтарын немесе бөлшектерін қолдануға тыйым салынады. Мұндай керек-жарақты қолданған кезде кепілдік міндеттемелері күшін жояды.

Жұмысты аяқтағаннан кейін аспапты электр желісінің розеткасынан ажыратыңыз.

## Аспапты жұмысқа дайындау

### Назар аударыңыз!

Электрлік аспапты тегіс, тұрақты бетке орналастырыңыз.

Цитрустерге арналған прессті үздіксіз 5 минуттан артық қолданбаңыз. Бұл электрлік аспап тек үйде қолдануға ғана арналған.

Gorenje компаниясының арнайы ұсыныстары жоқ басқа өндірушілердің қандай да бір керек-жарақтарын немесе бөлшектерін қолдануға тыйым салынады. Мұндай керек-жарақты қолданған кезде кепілдік міндеттемелері күшін жояды.

### Қолдануға дайындау

Аспапты алғаш қолданар алдында барлық алмалы-салмалы бөлшектерді жуып алыңыз («Тазалау» тарауын қараңыз).

Электрлік аспапты электр қорек розеткасына қоспас бұрын оның дұрыс құрастырылғанына көз жеткізіп алыңыз. Артық желілік шнурды аспап негізінің айналасына орап тастаңыз. Желілік ашаны қабырғадағы электрлік қорек розеткасына салыңыз.

### Алғашқы қолдануға дайындау

**Қауіптілік!** Қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, өйткені олар тұншығу қауіпін тудырады.

Цитрустерге арналған шырын сыққыштың қаптамасын ашыңыз, қаптама материалдардың барлығын алып тастаңыз. Шырын сыққышты көзге көрінетін зақымдалулардың жоқтығына және барлық бөлшектерінің бар-жоғына тексеріңіз.

Аспапты алғаш қолданар алдында оны тазалап алыңыз.

Электрлік қозғалтқышы бар негізді дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Шырын сыққышты алғаш қолданар алдында конустарды, електі, шырынды жинауға арналған контейнерді және түссіз қақпақты сұйық жуу құралының бірнеше тамшысы қосылған жылы сумен жуып алыңыз.

## Аспапты пайдалану

Шырын сыққышты орнату

Электрлік аспапты тазалау оңай болатын тегіс бетке орнатыңыз. Желілік шнурды сақтауға арналған бөлікте (шырын сыққыш түбінің астында) тұрған желілік шнурды қажетті ұзындыққа дейін босатып алыңыз. Жұмыс барысында шырын сыққыштың дірілінің алдын алу үшін шнурдың желілік шнурға арналған науаға дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Желілік ашаны кернеу параметрлері 230 В, 50 Гц болатын айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.

### Қосалқы керек-жарақтарды таңдау

Шырын сығып алу қажет жемістің өлшеміне байланысты үлкен немесе кішкене конусты қолданыңыз.

Үлкен конус грейпфрут, апельсин және т.б. сияқты шағын цитрус жемістердің шырынын дайындауға арналған.

Кішкене конус грейпфрут, лимон, лайм және т.б. сияқты шағын цитрус жемістердің шырынын дайындауға арналған.

Кішкене конусты тікелей жетекті білікке орнатыңыз.

Үлкен конусты қолдану үшін кішкене конусты жетекті білікке орнатыңыз.

Содан соң үлкен конусты кішкене конустың үстіне орнатыңыз.

Бұл ретте үлкен конустағы ойықтардың кішкене конустың қанаттарының үстіне орнатылғанын сезінуіңіз керек. Үлкен конусты ағытып алу үшін оны жоғарыға және сыртқа тартыңыз.

### **Шырынды сығу**

Ескерту: Шырынды дайындау кезінде конусқа өте көп қысым түсіру электрлік қозғалтқыштың тұрып қалуына алып келуі мүмкін.

Тиісті конусты жетекті білікке орнатыңыз.

Шырынды контейнерге жинау мақсатында саңылауды жабу үшін науаны жоғары көтеріңіз.

Шырынның тікелей стаканға ағуы үшін саңылауды ашу мақсатында науаны жіберіңіз және оның астына тұғырды қойыңыз.

Цитрус жемісті ортасынан кесіңіз және жемістің жартысының біреуін кесілген бөлігімен конустың үстінен басыңыз. Жемісті төмен қарай басқан кезде шырын сыққыш автоматты түрде қосылады және конус айналуын бастайды. Конусқа түсетін қысымды азайтқан кезде шырын сыққыш автоматты түрде өшеді. Конус жұмсағын қырнау арқылы, жемістің шырынын сығады. Шырын сүзгіні бойлай шырын жинауға арналған контейнерге ағады, ол жерден ол стаканға беріледі (егер науа ашылған болса). Сүзгі жұмсағы мен дәндерінің ірі бөліктерін ұстап қалады.

Жемістен сығылатын шырын мөлшерін арттыру үшін жемістің жартысымен конусты бірнеше рет басыңыз.

### **Қолданғаннан кейінгі процедуралар**

Конусты, сүзгіні, шырынды жинауға арналған контейнерді және жетекті білікті аспаптан алып, тазалаңыз. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз.

Тазалау

### **Пайдалы кеңес**

Цитрустер шырынын дайындағаннан кейін бірден тұтынған жөн. Цитрустер шырынын металл ыдыстарда сақтауға болмайды.

Цитрустердің шырынын араластыруға болады. Мысалы, С витаминінің мөлшерін арттыру үшін апельсин шырыны мен лимон шырынын араластыруға болады.

Жаңа сығылған шырын коктейльдерге ерекшелік береді және дәмін жақсартады. Сондай-ақ лимон шырынын ыстық шайға қосуға болады және ол тұмау аурулары кезінде ағзаның қорғаныс күшін арттыруға көмектеседі.

### **Тазалау**

Аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Барлық алмалы-салмалы бөлшектерді электрлік қозғалтқыш блогынан алып тастаңыз.

Барлық алмалы-салмалы бөлшектерді жуу құралы қосылған ыстық сумен немесе ыдыс жуу машинасында тазалап алыңыз.

Электрлік қозғалтқыш блогын дымқыл майлықпен тазалаңыз.

Электрлік қозғалтқыш блогын суға батырмаңыз және ағын сумен жумаңыз.

### **Қоршаған ортаны қорғау**

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

### **Кепілдік және қызмет көрсету**

Қосымша ақпарат алу үшін немесе мәселелер туындаған жағдайда авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз.

Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері “Кепілді міндеттемелер” кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

**Тек үйде қолдануға арналған!  
Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!**



Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ  
119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4-үй, 1-құр.  
3-Қабат, I ғимарат, 55-бөлме